

## Әлихан Бөкейхановтың туғанына -140 жыл



XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы

қазақ қоғамындағы мемлекет қайраткерлерінің ішінде Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың есімі ерекше аталады. Оның өмірі мен қызметі қазақ тарихының сол бір зобалаң, қуғын-сүргін ауыр жағдайында өтті.

Бөкейхан даланың интеллектуалдық тұрғыдан әзірлігі мол негізгі тобын соңынан ілестірген, қазақ интеллигенциясының көшбасшысы, саяси көсемі, бір басында сан түрлі ғылым тоғысқан бірегей тұлға, қазақ халқы үшін орасан еңбек етті. Халықтың тәуелсіздігі және жарқын болашағы үшін барлық саналы өмірін сарп етті. Қазақ халқының қоғамдық ойсанасын биік белеске көтерген ірі қайраткер. Бар ғұмырын ұлтының болашақ бақыты үшін «жаным – арымның садағасы» деп бел шешіп күрескен ол, сол жолда бойындағы күш-қайраты мен ақыл-ойын, білім-парасатын аямаған ақылман азамат, кесек тұлға. Бөкейханды саяси іске араласуына халықтың ауыр тұрмысы мәжбүр етті. XX ғасырдың басында ұлттық сана, тәуелсіз мемлекет туралы ашық айтуға тыйым салынды. Сондықтан да «Алаш» партиясының Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Мағжан Жұмабай, Міржақып Дулат, Жүсіпбек Аймауыт, т.б. көрнекті өкілдері халықтың ұлттық санасын оятуды, тәуелсіз қазақ мемлекеті болуды армандады. «Алаш» қозғалысы – ұлт-азаттық қозғалысы. Ол ғасырдың басындағы ұлттық сана өсуі процесінің құрамдағы бөлігі. Қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалыс – орта ғасырлықтан буржуазиялық демократияға бет алған қозғалыс. Ұлтшыл деген сөз туған халқын жақсы көретін, халқына адал қызмет етуге өмірін арнаған қайраткерлерге берілген баға. Мәселен, «ұлтшыл» деген сөзде емес, оған берілген бағада жатыр. Бөкейхан мен оның замандастары өмір сүрген кезеңде қазақ қоғамының алдында тұрған өзекті мәселе – ұлттық теңдік, саяси бостандық болды. XX ғасырдың басында халқын прогресс жолына түсіру үшін аянбай күрескен ұлттық буржуазия мен интеллигенциясының көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың жеке көзқарасының, саяси бағдарламасының қоғамдық дамуға тигізген ықпалы болды ма, өзінің ұстанған саясатына нені арқау етті, осы мәселелер объективтік шындық тұрғысынан жан-жақты зерттеуді талап етеді. Аталған проблема тарихи тұрғыдан жеткілікті дәрежеде жүні бүгінге дейін зерттелмеген. XX ғасырдың соңында егемендік алып, бүгінгі әлемге аты таныла бастаған қазақ мемлекетінің келешегі үшін осындай алып тұлғалы қайраткердің тарих көшінен лайықты орнын алуы әбден дұрыс деп есептейміз. Өйткені XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының ұлттық еркіндік пен дамудың алғышарты ұлттық мемлекеттің болуы деген тұжырымдарынан өз мемлекеті туралы айтып, жазып кеткен ой-пікірлерінен, бүгінгі қазақ мемлекеті тәуелсіздігіне талпынып отырған көптеген сурақтаршына жауап табуға болады. Бүгінде Қазақстан әлемдік өркениетке егемендік ел, мемлекет ретінде танылып отыр. Мемлекеттің осындай дәрежеге жетуіне, әрине, Бөкейхановтың қосқан үлесі қомақты екені даусыз. XX ғасырдың басындағы саяси оқиғалардың қайнаған ортасында жүріп өзінің білімімен, парасаттылығымен үлкен беделге ие болғанының тағы бір көрінісі, қыры белгілі орыс қоғам қайраткері, конституциялық-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың бірі князь Д.Д. Бутубовтың естеліктерінде Санкт-Петербург мasonic ұйымы мүшелерінің аты-жөні берілген, солардың ішінде жалғыз қазақ, көрнекті қоғам қайраткері, ғалым және өз заманының көшбасшысы Бөкейхановтың есімі бар. Ол орыс мasonic ұйымының мүшесі болған. Мasonic ложа (ұйымдар) ең алғаш Францияда пайда болған, кейіннен басқа еуропалық мемлекеттерге тараған. Күпия ұйым – жасырын әрекет жасайды, мемлекеттік құрылысқа көңілі толмаған, елдің келешегін ойлаған қоғам қайраткерлері саналы түрде топтасып, бас қосып, қоғамға пайдалы саясатты уағыздап, әрекет жасайды. Мasonic ұйымның Бөкейханды қатарына тарту себебі – дала өлкесіне ықпалды мемлекет қайраткері ретінде беделді болуы. Мasonic-дардың қатарында қадеттер белгілі орынға ие болған. Ал Бөкейхан осы бір кең танымал Ресей саяси партиясының көрнекті басшыларының бірі болған.

Самарада қызмет етіп жүрген кезеңде Әлихан Нұрмұхамедұлы болашақ Уақытша үкіметтің басшысы А.Керенскиймен үш рет арнайы кездескен. Бірінші рет 1914 жылдың шілдесінде, екінші, үшінші кездесулері 1915 жылдың мамыр-қазан айларында. Мынандай сұрақ туады, осы екі көрнекті тұлғаларды жақындастырған қандай мәселе, өздері әр түрлі партияның өкілдері. Кездесуде қандай мақсат қойды алдарына, әлде мasonicдық бауырластық па, бұл мәселе зерттеуді қажет етеді. 1917 жылғы Уақытша үкіметтің басым көпшілігін мasonicдар құраған. Ә.Бөкейхан мен А.Керенский Думаның депутаттары. Егер Думадағы мәселелер жүзделестірген болса неге саяси альянсқа бармайды. Бірақ фактілер бұлай ойлауға жол бермейді. Біріншіден, Ә.Бөкейхан самодержавиеге ұнамайтын Бірінші Думаның депутаты және ол Думада өзге халықтың бас-

туралы пікірлері, интеллигенция және социализм жөніндегі тұжырымдарын қолдап, еліктеген сәттері де болған. П.Струве – орыс саяси қайраткері, публицист, философ, экономист, кадет партиясының мүшесі, екінші Мемлекеттік Думаның депутаты. П.Милоков ірі тарихшы, Керенскийдің мемлекеттік қайраткері, кадет партиясын ұйымдастырушылардың бірі, Уақытша үкіметтің сыртқы істер министрі болған. Осы қоғам қайраткерлерінің Бөкейхановтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына тигізген ықпалы ұшан-теңіз. Жоғарыда атап өткен орыс зиялыларының көрнекті өкілдерін тарихта «батысшылдар» деп атайды. Батысшылдардың негізгі көзқарасы, саясаты Ресейдің мемлекеттік құрылысын батыс механизмімен қайта құру. Жергілікті феодалдық сарқыншақтардан бас тарту, көрнекті озық ойлы батыс идеяларын Ресейде кең таратып дамыту, халық ағарту ісін дамыту, ғылымның деңгейін көтеру, осында дамығын Батыстың тәжірибелерін кеңінен қолдану. Бұлардың пікірі бойынша, өткеніне ғана сүйеніп отырған халық ешқашан дамымайды. Бұл объективті шындық. XIX ғасырдың соңында Ресейдің мемлекеттік құрылысының дамуы жөнінде славянофильдер мен батысшылдардың арасында қызу дискуссия

негізгі мәселелердің бірі Алашорда үкіметі мен автономияның пайда болуының себептік негіздері қандай еді?

«Шындығында өте терең, мемлекеттік аппаратының әрекет ету механизмі мен тура ұғынуға жол ашатын ғылыми принцип». Ал енді әлемдегі жалпы отарлық өзгі атаулыға қарсы жаппай бас көтеру барысында мемлекеттік құрылымның пайда болуының тағы бір аса маңызды себебі бар екендігін өмір көрсетіп берді. Ол – ұлттық мүдде.

«Ұлттық сана ұлттық теңсіздік болған жерде әзілген ердердің табиғи талаптары мен мүдделерін қолдайтын саяси институттарға сұраныс та қалыптаспақ және соңғылар өмірге сәзсіз келеді». (Қойгелдиев М.Алашты бұғаулаудан қашан босатамыз? «Арай» 1990 №9)

Осы негізде пайда болған мемлекеттің саналы түрде жалпы ұлттық мақсат-мұраттарға қол жеткізуді көздейтін шараларды іске асыруы да табиғи нәрсе. Өздерінің саяси еркіндігін алған елдердің бәрінде де осылай болған. Осы тұрғыдан қарағанда Алашорданың құрылуы, оған Ә.Бөкейхан сияқты қайраткердің басшылық жасауы қазақ тарихында заңды құбылыс. Яғни ол Кеңес өкіметіне қарсы қол жинап соғысу үшін емес, туған халқын тәуелсіз ету үшін күрделі.

Қазақ елінің өзінің қуатты дербес және тәуелсіз мемлекеті үшін күресі XVIII ғасырдан бері толассыз жүріп жатты. Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған халық көтерілістерінің түпкі мақсаты, әрине, саяси бостандық болатын.

Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс өткен ғасырдағы дербес мемлекеттік үшін осындай күрестің шырқауы, шырқау биігі болды. Ал алаш қозғалысы осы күрестің жаңа замандағы логикалық жалғасы, сапалы да саналы жаңа түрі. Кешегі Кенесары жаңа замандағы Әлихановтың арғы бабасы. Атамыз жолын жалғастырған Әлихан Бөкейхан да Кенесары Қасымұлы сияқты халық тәуелсіздігі жолында өмірін сарп етті.

1917 жылғы алдымен Ақпан онан соң Қазан төңкерісінің бұл күреске үлкен сипат беріп, қазақ елінің өзінің дербес саяси мемлекетіне деген ынта-ықыласын ашық-анық білдіруге жағдай жасағандығын, алғы шарт қылғанын ешкім де жоққа шығармайды.

Алаш партиясын құрып, ұлт-азаттық қозғалысқа бағыт-бағдар беруші Әлихан Бөкейхан 1917 жылдың соңына қарай дербес ұлттық мемлекет құруға қолайлы сәт келді, қазақ қоғамын тәуелділік пен мәшеулікпен құтқарудың жалғыз жолы, әрі тиімді құралы өзін-өзі басқарудың көрінісі болмақ деп тұжырымдады. Бұл – белгілі қоғам қайраткерінің өте батыл тарихи шешімі.

Бөкейхановтың сіңірген еңбегі алғашқы ұлттық мемлекеттің негізгі міндеттері мен мақсаттарымен, бағдарламасымен қазақ қоғамын таныстырды. Сол уақыттағы қазақ даласындағы қалыптасқан әлеуметтік-саяси, экономикалық ахуалға сүйене отырып, мемлекеттің стратегиясы мен тактикасын әзірледі. «Алашорда» мемлекетінің тұңғыш басшысы ретіндегі Ә.Бөкейхановтың сіңірген еңбегі өлі де болса өзінің тиісті бағасын алған жоқ. Бөкейхановтың шығармашылық мұрасын зерттеушілердің қолында ол кісінің үш-төрт томға жетерлік еңбектері мен мақалалары жинақталып отыр. Болашақ ғұмырнамашылар Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық және ғылыми ағартушылық жұмыстарына белгілі дәрежеде ықпалын тигізген деректерін түгел қалпына келтіру керек. Бұл – өмір талабы, жарқын болашақтың талабы. Сонда ол туралы қалыптасқан солақай саясатқа байланысты теріс пікір мен ұзақ уақыт ұмыт қалдырылған шындықты салыстыра қарап, әділ дерешім жасауға мүмкіндік қалыптасады.

Әлихан Бөкейхан ғасырдың басында орыс басылымдарында қазақтың рухани, әлеуметтік мәселелерін көтерген сан алуан мақала жазды. Ал қазақ басылымдарында саяси және экономикалық тіршіліктің қилы өзекті мәселелерін қозғай отырып, Ресей интеллигенциясын толғантатын озық ойларды аударып бастырды. Бір ғана «Қазақ» газетінің бетіндегі әр түрлі тақырыпқа арналған бізге белгілісі 400-ден астам мақалалары жарияланған. Осы еңбектері жан-жақты зерттеліп, тарихтан объективті бағасын алу керек.

1925 жылы Қ.Кемеңгерұлының еңбегінде Бөкейхановтың көзқарасы, қоғамдық ой-пікірі, еңбегі туралы мәселе қозғалады: «Жүрегі бала, иманы таза, шыншыл, сенімшіл дариыдай білімді Әлиханға қара тұрмыстың кіріне былғанып саясат сындарына түскенше, пән, ғылым жолына түсіп жоспар көрсету керек еді, себебі ол кемеңгер білімімен Еуропаның таңдамалы алдыңғы қатарлы оқымыстыларымен тең түскен ғажайып ғұлама», – деп баға береді.

К.АБДРАХМАНОВА,  
ҚММА-ның қоғамдық ғылымдар  
кафедрасының оқытушысы.

ҚАРАҒАНДЫ.

# Ғажайып тұлға

қа партияның мүддесін қорғады. Келесі сайлауға жіберілмеді, ол 1907 жылы барлық 5 миллион қазақ халқы жоғары бұйрық бойынша Думаға өзінің өкілдерін жіберу құқынан айырылды. Екіншіден, егерде осы Думаға байланысты мәселелерді шешу керек болса Бөкейхан басқа да кадет партиясынан сайланған депутаттармен немесе Думадағы мұсылман фракциясының бюро мүшелерімен кездеспес пе еді, тек Керенскиймен емес эсерлер партиясының атынан сайланған. Тек бір ғана жауап қалады – Бөкейхан мен Керенскийді біріктірген мasonic бауырластық және көзқарастарындағы ұқсастық. Орыс буржуазиясы мен олардың саяси партияларының, соның ішінде мasonic ұйымдардың түпкі мақсаты – самодержавиені құлату және саяси билікті алу. Мasonic-дар қатарындағы Ә.Бөкейхановтың мақсатына келсек, жеке ұлттық мемлекет құру өзінің жекелеген атрибуттарымен, өзін-өзі басқару, автономия құру (жеке кәсіпқой парламенті бар). Шыңғысханның тікелей ұрпағы болса да, қазақ халқының көшбасшысы болған. Бөкейханға бұл орын мұрагерлік жолмен келген жоқ, өзінің орасан зор саяси еңбегі мен күресінің нәтижесінде келді. Бөкейхан сол XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басындағы қоғамдық, әлеуметтік және саяси жағдайды ескере отырып, халқының болашағын дәстүрлі көршісі болған Ресей мемлекетінің қатарында көрді. Ғасырдың басында мемлекеттің алдында тұрған көкейкесті мәселе мемлекет қандай жолмен даму керек, яғни қазақ халқын тығырықтан алып шығатын қандай жол. Әрине, еуропацентристік бағытты таңдады қайраткер. Дәл сол кезеңде бұл дұрыс таңдау еді, өзінің тарихи дәстүріне сеніп отырған халықты ешқашан даму болмайды. Тарихи салт-дәстүр қанша ғасыр өтсе де өзгермейді, бұл тарихи заңдылық. Өмір жолдарын Ресейдің жоғарғы саяси алдыңғы қатарлы топтарының арасында өткізген Бөкейханға орыстың белгілі қоғам қайраткерлерінің тигізген ықпалы мол. Бөкейхановтың көрнекті қоғам қайраткері ретінде қалыптасуына әсер еткен, оны қоршаған зиялы қауым және Ресей интеллигенциясы. XX ғасырдың басындағы Ресейдің бетке ұстар қайраткерлерінің көпшілігін жақсы қарым-қатынаста болған, өзіндік беделі болғандығын тарихи құжаттар көрсетіп отыр. Ресей интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің бірі М.Туган-Барановский, белгілі орыс экономисі және тарихшысы, кадет партиясының мүшесі осы адамның саяси ықпалы болған Бөкейхановтың саяси көзқарасының қалыптасуына. Мемлекеттік құрылыстың даму жолы қандай бағытта жүру керек, батыстың саяси құрылыс механизмі

болды. Әлихан Нұрмұхамедұлының еңбектерімен, мақалаларымен таныса отырып, көзқарасында батысшылдық элемент басым екенін байқаймыз. Мемлекеттің, халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесінен бас тартып, озық ойлы Батысқа еліктеу бір жағынан дұрыс та, бұрыс та шығар, бірақ уақытты ұмытуға болмайды – біз қандай кезеңде өмір сүріп отырмыз. Мұны бүгінде өмір дәлелдеп отыр. Әр проблемаға екі жақты қарау қажет. Сыңаржақтылық объективтілікке апармайды. Мәселенің екі жағын да қарап, ішінен дәнін алу керек. Ғұлама ғалымның тоқтауы осы. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкімет құрамындағы партиялар жақтастары мен мasonic бауырластары империяның шекарасын сол қалпында сақтау үшін қазақ халқына автономия беруден бас тартты. Осыған жауап ретінде Бөкейхан кадет партиясының қатарынан шықты, мasonic ұйымнан да бас тартты. Осындай жағдайда қалыптасқан ол енді ұлттық саяси Алаш партиясын ұйымдастыруға кірісті. 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газеті Алаш партиясының саяси органы болды. «Қазақ» газеті ғасырдың басында қазақ қоғамының айнасы іспетті болды, елдегі барлық саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, әдеби жаңалықтардың бәрі осы газеттің бетінде жарық көрді. Осы газеттің бетінде қайраткерлердің 300-ден астам әр түрлі тақырыпқа арналған еңбектері жарияланған. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 24 маусымдағы санында бірінші жалпықазақ съезінің күн тәртібіне арналған бас мақала сызінде болашақ қазақ саяси партиясы туралы былай деп жазды: «Ресейде осы күнде түрлі саяси партиялар бар. Олардың көздеген мақсаттары бағдарламаларында айтылған. Оны білетін адамдарға мағлұм, қай партияның болса да бағдарламасы түп-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейді. Сондықтан біздің қазақ мақсаттарын түгел көздейтін, өз алдына жеке партия құрамына болмайды». Ә.Бөкейхан Сібір автономистерінің Томбы қаласында өткен съезіне қатысады. Томбы съезі Сібір үкіметінің құрамындағы Қазақ Мемлекетіне автономия беруге уәде берді. 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында қазақ саяси партиясы туралы мәселе қаралған екінші жалпы қазақ құрылтай жиылысында Ұлт Кеңесі құрылды, оның аты Алашорда деп аталды. Құрылтайдың күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе – ұлттық автономия туралы Әлихан Нұрмұхамедұлы баяндама жасады.

Алаш қозғалысына байланысты